

## Қазақстан Республикасында мұрағат ісін дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 26 қаңтар N 146

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында мұрағат ісін дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған тұжырымдамасы мақұлдансын.
2. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі осы Тұжырымдамаға сәйкес Қазақстан Республикасында мұрағат ісін дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған бағдарламасын екі ай мерзімде әзірлесін.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2001 жылғы 26 қаңтардағы  
N 146 қаулысымен мақұлданған

Қазақстан Республикасында мұрағат ісін дамытудың  
2001-2005 жылдарға арналған  
ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Кіріспе

Мұрағаттар барлық уақытта Қазақстан халқы құжаттық жадының асыл қазынасын сақтайды. Олар республика азаматтарының өткенді шолатын құжаттық ақпаратты қолайлы және көлемді түрде алу құқығына қол жеткізеді. Мұрағаттар мен құжаттаманы басқару органдарының қызмет жүйесін, республикалық және жергілікті деңгейдегі мемлекеттік мұрағаттар, ведомстволық және жеке мұрағаттар торабын құрайтын мұрағат ісі саласы ұлттық тарихи-мәдени мұраның сақталуын, оны сақтауды және

тиімді пайдалануды, соның ішінде қоғамның экономикалық, әлеуметтік және рухани дамуын ақпараттық қамтамасыз етуге мақсатына арналған.

Тұжырымдама мұрағат саласында мемлекеттік саясаттың орта мерзімді бағдарлары мен ұзақ мерзімді басымдықтарын анықтайды және оларды іске асырудың практикалық жолдарын белгілейді. Тұжырымдаманың негізгі міндеті республика мұрағат жүйесінің тұрақты жұмыс істеуін, "Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы" Қазақстан Республикасы Z980326\_ Заңының орындалуын қамтамасыз ету болып табылады.

Орталықтағы және жергілікті жерлердегі мұрағат ісін басқару органдары ұйымдастыру, экономикалық, қаржыландыру, ақпараттық және құқықтық қажетті тетіктерді қолдана отырып, саланы реформалауды жүзеге асырады. Ұсынылатын іс-шараларды жүргізу жергілікті өкілді және атқарушы органдармен өзара іс-қимылда кезең-кезеңімен жүзеге асырылады.

## 1. Мұрағат ісінің қазіргі жай-күйі

Қазақстанның мұрағат жүйесіне нарықтық қатынасқа көшу, мұрағат ісінің заңдық негізінің болмауы, бюджеттен қаржының болмашы бөлінуі ауыр тиді. Мемлекеттік мұрағат мекемелері қызметкерлерінің саны екі еседей азайды, ведомстволық сақтауды ұйымдастыруда, іс жүргізу қызметінің жұмысында қолайсыз ағымдар орын ала бастады. Олардың жағдайы мен әлеуметтік мәртебесі біршама төмендеді.

Саланың материалдық-техникалық базасы моральдық және физикалық тұрғыдан ескірді, қазіргі стандарттар мен талаптарға сай келмейді. Жоғары және орталық мемлекеттік органдардың құжаттарын сақтау үшін мұрағат қоймаларында бос орындар да, жағдай да жоқ. Алматы қаласындағы Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты, Кинофотоқұжаттар және дыбыс жазбалар орталық мемлекеттік мұрағаты, Ғылыми-техникалық құжаттама орталық мемлекеттік мұрағаты, Мұрағаттық материалдарды ықшам фильмдерге түсіру және қайта қалпына келтіру орталық лабораториясы, Қазақстан Республикасы құжаттану және мұрағат ісі жөніндегі ғылыми-техникалық ақпарат орталығы орналасқан ғимаратқа 30 жылдан астам бері күрделі жөндеу жүргізілмеген. Облыстарда мемлекеттік мұрағаттар ғимараттарын салу 20 жылдан бері қолға алынбаған, Көкшетау қаласының мемлекеттік мұрағат ғимараты апатты жағдайда, Алматы облысы мен Астана қаласы мемлекеттік мұрағаттарының өз үй-жайлары жоқ. Іс жүзінде барлық дерлік аудандық және қалалық мұрағаттар бейімделген жайларда немесе басқа ұйымдардың үй-жайларында орналасқан.

Астана қаласында Қазақстан Республикасы Ұлттық мұрағатының ғимаратын салу мәселесі өз шешімін таппай отыр.

Мұрағат қоймаларын жабдықтау қазіргі қағидалар мен талаптарға сәйкес келмейді. Олардың көпшілігінде қазіргі заманғы өрт сөндіру, күзет және өртке қарсы белгі беретін құралдар жоқ, құжаттарды сақтаудың қолайлы температуралық-ылғалдық

режимін ұстауға, олардың физикалық-химиялық сақталуын қамтамасыз етуге барлық уақытта мүмкіндік бола бермейді. Түпнұсқалардың жоғалу немесе бүліну жағдайынан ақпаратты сақтап қалу мақсатында құжаттарды басқа материалға көшіру арқылы Ұлттық мұрағат қорының аса құнды бөлігін сақтауды қамтамасыз ету жұмысы тоқтап тұр.

90-шы жылдар ішінде негізгі құралдар, оның ішінде компьютерлік техника алуға қаржы бөлінбеді. Орталық және облыстық мемлекеттік мұрағаттардағы аздаған компьютерлік және көбейткіш техника әкімшіліктер мен демеушілердің көмегі және халықаралық ұйымдардың гранттарының арқасында пайда болды.

Қазіргі жағдай экономикалық, әлеуметтік-саяси түбегейлі өзгерістер нәтижесінде сақталатын құжаттама көлемінің шапшаң өсуімен сипатталып отыр. Атап айтқанда, мемлекеттік ұйымдарды қайта ұйымдастыру және тарату процесі құжаттардың елеулі бөлігін мемлекеттік мұрағаттарға мерзімінен бұрын тапсыруға әкеліп соқты. Тек, 1991 жылдан бері Ұлттық мұрағат қорының әр түрлі көздердегі (басқару, кинофото және дыбыс жазбалар, ғылыми-техникалық, басқа да арнаулы құжаттама) көлемі 7,9-дан 15,1 миллион іске дейін ұлғайды. Соның салдарынан, мемлекеттік мұрағаттар мен олардың филиалдары көпшілігінің қоймалары толу шегінен асып кетті немесе деңгейіне жақын қалды. Жоғарыда айтылғандар мемлекеттік мұрағаттар қызметкерлері штат санын қысқарту (осы мерзім ішінде екі еседей) ағымымен қоса Ұлттық мұрағат қорының құжаттарын мемлекет пен қоғам мүддесі үшін қалыптастыруға, сақтауға және пайдалануға жайсыз әсер етуде.

Құжаттарды пайдалану саласында құжаттық ақпаратқа қоғамның арта түскен қызығушылығы мен мұрағат мекемелерінің мүмкіндіктері арасында сәйкессіздік байқалады. Мұрағат мекемелерінің өз полиграфиялық базасы, жаңа компьютерлік технологиясы, қазіргі заманға сай көрме жабдықтары болмай отыр. Отандастарға рухани-өнегелі тәрбие беру үшін құжаттарды жариялауға, мұрағаттық ақпаратты пайдалануға мемлекет тарапынан мұрағатшыларға тиянақты тапсырыстар жоқ.

1998 жылы желтоқсан айында "Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы" Заңның қабылдануы, 1999 жылдың мамыр айында басқару органы - Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Мұрағаттар мен құжаттаманы басқару жөніндегі комитетінің құрылуы келеңсіз процестерді тоқтатуға мүмкіндік берді. Осы кезеңде қабылданған шаралар мемлекеттік мұрағат қызметінің жүйесін, оның кадрлық әлеуетін сақтауға және мемлекеттік мұрағат мекемелерінің жаңа жағдайларға бейімделуіне мүмкіндік туғызды.

Дегенмен, мұрағат жүйесін одан әрі реформалау тек мұрағат ісін дамытудың нақты бағдарлары мен басымдықтарын анықтап алған кезде ғана мүмкін болады.

## 2. Мұрағат ісін дамытудың орта мерзімді бағдарлары

Мұрағат ісін басқару органдары мен мемлекеттік мұрағат мекемелерінің 2001-2005 жылдардағы практикалық жұмысы еліміздің ақпараттық-мәдени кеңістігінің ажырамас біртұтас бөлігі ретінде Қазақстан Республикасының Ұлттық мұрағат қорын сақтау және молайту үшін жүктелген маңызды міндетті орындауға бағытталады. Мемлекеттік өкімет органдарын өткенді шолатын құжаттық ақпаратпен қамтамасыз етуде билік өкілеттігін жүзеге асыру, басқару шешімдерін қабылдау және орындау, сондай-ақ қоғам мен азаматтардың ғылыми, мәдени және әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін олардың қызметін жетілдіру жұмысы жалғасады.

Көрсетілген мақсатқа жету үшін қалыптасып қызмет етіп тұрғанға барабар және болжанып отырған органдар жүйесі - Мұрағаттар мен құжаттаманы басқару жөніндегі республикалық (агенттік, комитет), жергілікті (басқарма, бөлім) органдар, сондай-ақ мемлекеттік мұрағаттар саласына ұйымдастыру-құрылым саясатын мемлекеттік деңгейде тиімді жүргізу қажет.

Қоғамда мұрағат саласының рөлін және абыройын одан әрі көтеру үшін мұрағаттық қызметтің орнын анықтау, заңдар базасын әрі қарай әзірлеу және жетілдіру аса маңызды болып табылады. Қазақстан Республикасы Парламентіне "Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы" Қазақстан Республикасының Z980326\_ Заңына өзгерістер мен толықтырулар, Қазақстан Республикасының Үкіметіне сала қызметінің жеке бағыттарын реттейтін: Ұлттық мұрағат қорының құжаттарын Қазақстан Республикасынан тысқары шығару тәртібі туралы ереже; Қазақстан Республикасы Ұлттық мұрағат қоры құжаттарының көшірмелерін сақтандыру қоры туралы ереже; Министрліктерде, өзге де орталық атқарушы органдар мен ведомстволарда құжаттаудың және құжаттаманы басқарудың негізгі ережелері жөнінде бірқатар нормативтік-құқықтық актілерді ұсыну көзделеді. Мұрағат ісін дамыту мәселелерін заңдарға немесе өзге нормативтік-құқықтық актілерге, республикалық, салалық және аймақтық бағдарламаларға енгізу міндеті қойылады. Сонымен бірге бірқатар мемлекеттік мұрағаттар мен мұрағаттық қорларды ұлттық-мәдени игіліктер нысанасы және "Тарих және мәдениет ескерткіштері жиынтығының" қатарында барлық мемлекеттік мұрағаттарды аса маңызды мемлекеттік нысана ретінде Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттіктің тиісті тізімдеріне енгізу мәселесін шешу керек. Саланың барлық нормативтік құжаттарын Қазақстан Республикасының мұрағат ісі туралы заңнама негізіне сәйкестендіру жоспарланады.

Талдау бойынша жақын арада мемлекеттік сақтауға бірінші кезекте басқару құжаттамасы және Қазақстан Республикасының "Еңбек туралы" Z990493\_ Заңының күшіне енуіне байланысты қызметкерлердің еңбек ету қызметін растайтын құжаттар мен олардың зейнеткерлікпен қамтамасыз ету жөніндегі аударылған ақшалары туралы мәліметтері жөніндегі істерді өткізу арта түседі. Меншіктің мемлекеттік емес түрлерінің толықтыру көздерімен қарым-қатынас орнату жөніндегі келісім-шарттарға (келісімдерге) қол қойылып, Ұлттық мұрағат қорына түсетін құжаттар көлемі ұлғаяды.

Мемлекеттік мұрағаттар ғылыми-тарихи және мәдени құндылығы бар жеке мұрағаттардан құжаттарды табу және қабылдауды неғұрлым белсенді түрде жүргізеді. Ауызша тарих саласында мемлекеттік мұрағат мекемелерінің жұмысын жандандыру, белсенді құжаттандыру тәсілі (сауалнама тарату, аудиожазба, бейне және фотоға түсіру) болжанады. Жинақтаудың тағы бір ерекшелігі өткенді шолатын ақпараттар шоғырын электронды көздер арқылы қабылдау. Ұлттық мұрағат қорының ғылыми-әдістемелік базасы құрылатын болады, онда әртүрлі көздердің құжаттары сараптаудан, іріктеуден және сипаттаудан өтеді. Әзірленіп жатқан Типтік тізбе және құжаттардың сақтау мерзімі көрсетілген салалық тізбелері іске қосылатын болады. Ведомстволық мұрағаттарда ұйымдастыру-әдістемелік басқаруды жақсартудың қосымша шараларын жүргізу және министрліктерде, ведомстволарда құжаттармен жұмыс жасауды ұйымдастыру көзделіп отыр. Құжаттау мәселесінде басқару технологиясын жетілдіруді, оның ішінде іс жүргізуді мемлекеттік тілге көшіруді қамтамасыз ететін нормативтік және әдістемелік құжаттар пакетін әзірлеу және жұмыс практикасына енгізу жоспарланады. Мемлекеттік мұрағаттар заңды тұлғалардың іс жүргізуші және мұрағат қызметінің қызметкерлері үшін жүйелі түрде біліктілігін арттыру курстары ұйымдастырылып, құжаттандыру мен құжаттарды басқарудың соңғы ағымдары туралы ғылыми-техникалық ақпараттар беріліп тұруы тиіс.

1992 жылдың 6 шілдесіндегі "Бұрынғы КСРО мемлекеттік мұрағаттарына қатысты құқықтық мұрагерлік туралы келісім" баптарына және "Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сүйене отырып, әр жылдары елдің аумағында пайда болған құжаттарды қайтару жөнінде белгіленген тәртіп бойынша ұсыныс енгізу, Қазақстан Республикасына тарихи байланысы бар құжаттарды іздестіру және алуды ұйымдастыру жұмыстары тұр. Шетел мұрағаттарынан Қазақстан тарихы бойынша ерекше бағалы құжаттардың көшірмесін алудың мақсатты бағдарламасы ж а с а л а т ы н б о л а д ы .

Ұлттық мұрағат қорының құжаттарын орналастыру үшін қосымша жай іздестіріліп, сондай-ақ аймақтық ведомствоаралық мұрағаттар түрінде құжаттарды уақытша сақтау орталықтары құрылмақшы. Мұрағат қоймаларын телкөшірме және басқа қажетсіз құжаттардан босата отырып, мемлекеттік мұрағаттар қорларының құрамы мен мазмұнын оңтайландыру жалғасатын болады. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатының ғимаратына жөндеу жүргізіліп, технологиялық жабдығы жаңартылатын болады. Бес жыл ішінде республикалық мемлекеттік мұрағаттарда құжаттарды сақтау жағдайын жақсарту, Алматы, Атырау, Ақмола (Көкшетау қаласы) облыстық мемлекеттік мұрағаттарына, Астана қаласындағы Орталық мемлекеттік мұрағатқа дербес ғимарат бөлінуіне қол жеткізу көзделіп отыр. Сақтандыру қорындағы құжаттарды көшіруді қайта бастау, құжаттарды қайта қалпына келтіру мен бұзылудан сақтау жөнінде кешенді жұмыстар жүргізу үшін қаржы көздерін іздестіру керек. Неғұрлым бағалы және жиі қолданатын мұрағат құжаттарын көшірмелеудің ыңғайы

және реті қайта қаралады, сақтық көшірмелердің сапасына ерекше назар аударылады. Сақтық қор сақтау орталығын құрудың дайындық шаралары ретінде Астана қаласына жақын орналасқан облыстық мемлекеттік мұрағаттардың бірінің базасында құжаттардың сақтық көшірмелеріне арнаулы қойма ашу көзделеді.

Астана қаласында Қазақстан Республикасының Ұлттық мұрағатының ғимаратын жобалауды аяқтау үшін мемлекеттік қаржыландыруға қол жеткізу және оны Астанадағы құрылыс жоспарына енгізу көзделеді.

Мемлекеттік мұрағаттарды техникалық жабдықтау, қазіргі заманға сай мұрағаттық технологияны қолдану, компьютерлік, көбейткіш техникаларды сатып алу бойынша жұмыс белсенділігі арттырылады. Мұрағаттарды орталықтандырылған құжаттану және мұрағат ісін ақпараттандыру саласындағы жаңа әзірлемелермен қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасының Мұрағаттар мен құжаттаманы басқару жөніндегі мемлекеттік өкілетті басқару органы мен Құжаттану және мұрағат ісі бойынша ғылыми-техникалық орталық жүзеге асырады. Аталған Орталық Ұлттық мұрағат қорының құжаттарын сақтау, өңдеу, есепке алу және пайдалану жөнінде мемлекеттік нормативтер мен салалық стандарттар пакетін дайындайды. Автоматтандырылған мұрағаттық технологияны енгізу, мұрағатаралық және мұрағат ішінде тақырыптық есепке алу базасы мен деректер жиынтығын жүргізу жөнінде жұмысты қарқындату жоспарланып отыр. Құжаттарды сақтауды қамтамасыз ету жөнінде жаңа технологиялық регламенттер мен ұсынымдар әзірленеді.

Қоғамды өткенді шолатын құжаттық ақпаратпен қамтамасыз ету бойынша мұрағат мекемелерінің қызметі ақпараттық қызметтің нарық мониторингісінде құжатты пайдаланудың дәстүрлі және жаңа қалыптар мен әдістерін үйлестіреді. Құжаттар жинағын шығаруға дайындағанда ақпараттық қажеттілік факторынан шығу көзделеді, шығарылымға демеуші тарту мүмкіндігі ескерілуі керек. Коммерциялық көрмелерге көшуді бағдарлап, тақырыптық көрме жобаларын ұйымдастыру және өткізуге басымдық сипат беру көзделеді. Осыған байланысты республиканың мемлекеттік мұрағаттарында тұрақты көрмелер жасау (жаңалау), мұрағат құжаттарын сақтау бағасын анықтайтын мемлекеттік комиссия ұйымдастыру қажет. Мұрағаттық ақпаратқа қол жеткізуді кеңейту мақсатында белгіленген тәртіппен мемлекеттік мұрағат құжаттарын құпиясыздандыруды аяқтау жоспарланады. Қоғамды Ұлттық мұрағат қорының құжаттарымен ақпараттандыру және оны Интернет жүйесіндегі ұлттық мұрағат қызметінің web-парағында пайдалану жалғасады.

Әдеттегідей, Қазақстан Республикасы мен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы азаматтарынан түсетін, сондай-ақ шетелдердің дипломатиялық өкілдіктері арқылы әлеуметтік-құқықтық сипаттағы сұранымдарын дер кезінде және сапалы орындау жалғасады.

Қаржыландыру және материалдық-техникалық қамтамасыз ету саласында саладағы тұжырымдамалық міндеттерді шешуге бағытталған бағдарламалар мен ішкі

бағдарламаларды кеңейту көзделеді. Сақтаудағы құжаттама мен әлеуметтік-құқықтық сипаттағы сұранымдардың көлемінің көбеюі күн тәртібіне мемлекеттік мұрағаттар жүйесі мен штатын міндетті түрде сақтау мәселелерін қояды.

Мұрағат мекемелерінің қызметін мемлекеттік емес қосымша қаржыландыру үшін халықаралық ұйымдардың мүмкіндіктерін де барынша пайдалану керек.

Саланың ерекшелігі кадрлар әлеуетін сақтау және күшейту жөнінде қажетті шараларды қабылдауды қажет етеді. Қазақстан Республикасының мұрағаттар мен құжаттаманы басқару жөніндегі мемлекеттік өкілетті органы мұрағат ісінің мамандарын дайындауға мемлекеттік сұранымды қалыптастыруға қатысады. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің мұрағаттану, құжаттану және құжаттамамен қамтамасыз ету бойынша кадрларды қайта дайындау және кәсіптік деңгейін көтеруде базалық ұйымның мүмкіндігін пайдалану көзделеді. Мұрағатшылардың топтық (аймақтық) кеңестерін және ғылыми-әдістемелік кеңес отырыстарын өткізу, кадрларды қысқа мерзімді оқыту тәжірибелері қайта қолға алынады. Мұрағатшылардың әлеуметтік қорғалуын күшейту жоспарланады, үздік еңбек еткен қызметкерлерді моральдық және материалдық тұрғыдан марапаттау кеңінен тәжірибеге енеді.

Халықаралық институттар шегінде мұрағат ісі саласында шетелдермен ынтымақтастықты дамыту одан әрі жалғасады. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы елдердің мұрағаттық органдарымен мұрағаттық ақпараттық процестерді қалыптастыру, кадрларды даярлау, құжаттық шығарылымдар, ғылыми және қолданбалы зерттеулер мәселелері бойынша ынтымақтастық және тұтыну туралы екі жақты халықаралық шарттар жасасу тәжірибесі қайта жанданады.

### 3. Мұрағат ісін дамытудағы ұзақ мерзімді басымдықтар

Ұзақ мерзімді сипаттың басты мақсаты Ұлттық мұрағат қорын осы заманғы талапқа жауап беретін ақпарат жүйесіне айналдыру болып табылады. Қазақстан Республикасында құрылып жатқан біртұтас ақпарат кеңістігіне енетін ақпаратты жинау, өңдеу, сақтау, іздеу және беру процестерін ақпараттық мұрағаттық технологиялар арқылы бірте-бірте автоматтандыру көзделуде.

Ұзақ мерзімді басымдық ретінде мұрағат саласы қызметкерлерінің жағдайын жақсарту, кәсіби мамандық беделін көтеру және ұлттық мұрағат қызметінің өткенді шолатын құжаттық ақпаратты тұтынушылар мен бірінші кезекте өкілді және атқарушы органдармен тұрақты өзара қарым-қатынасын орнату көзделуде. Әдеттегідей, мемлекет мұрағат ісін дамыту мен жетілдіруге қамқор болады, мұрағат ісі мен құжаттануда біртұтас мемлекеттік саясат ұстанады.

Болашақта ведомстволық мұрағаттар әсіресе, мемлекеттік емес заңды тұлғалар мен олардың бірлестіктері мұрағаттары ұйымдық-техникалық жағынан нығайтылады деп

күтілуде. Бұлар Ұлттық мұрағат қорының мемлекеттік емес бөлігіне жататын құжаттарды өңдеу, сақтау және сақтауды қамтамасыз ету мәселелері бойынша кеңес алу, ғылыми-әдістемелік проблемаларды шешу қажеттілігінен мемлекеттік мұрағат мекемелерімен байланыстарын бекіте түсуге тырысатын болады. Өз қызметін ақылы негізде жүргізетін (жеке құрам бойынша құжаттар мұрағаты, тұрақты және ауыспалы құраммен ведомствоаралық және аймақтық мұрағаттар, нотариат мұрағаттары және тағы басқалар) мұрағат ісінің мемлекеттік емес секторы (немесе аралас нысаны) пайда болып, дами түсуі әбден мүмкін.

Мұрағат ісінің заңдық негізін одан әрі жетілдіру алда тұр, ол жаңа заңдар мен нормативтік құқықтық кесімдерде іске асырылады. Мұрағаттық ақпарат алмасу саласында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің (немесе мұрагерлерінің) заңдарын жақындастыра түсу жөнінде жұмыс жүргізілетін болады. Өзара мүдделілік туғызатын құжаттарды көшіріп алу және алмасу жөнінде мемлекетаралық жұмыстар қызу қолға алынады. Қазақстан Республикасы халықаралық мұрағат қауымдастығына біржола кірігеді. Республикада мұрағат қызметінің барлық бағыттары бойынша халықаралық стандарттар енгізіледі.

Мұрағат ісін дамыту бойынша бағдарламалар үшін мақсатты бюджеттік қаржыландырумен бірге, ақылы жұмыс пен қызмет көрсету номенклатурасын кеңейту есебінен бюджеттен тыс көздерді пайдалану, отандық және халықаралық қорлар гранттарын алу, ақпараттық іс-шараларға демеушілік қолдау ойластырылады.

Орталық мұрағат мекемелерінің құрылымы өзгеріске ұшырайды деп шамалануда. Қазіргілерге қоса Жеке қорлардың мемлекеттік орталық мұрағаты, Сақтандыру қорын сақтау орталығы, Сот және нотариалдық құжаттардың арнаулы мұрағаты, Құжаттану және жаңа технологиялардың ұлттық орталығы, кинозалы бар Орталық көрме залы п а й д а б о л а д ы .

Астана және Алматы қалаларында, облыстар орталықтарында жаңа мұрағаттар ғимараттарын жобалау және салу басталмақ. Алда жоспарлы негізде мұрағат қоймаларын инженерлік коммуникация, қайта жаңғырту және күрделі жөндеуден өткізу өртке қарсы қауіпсіздік қызметі жүйесін жаңарту, мұрағат ғимараттарын күзетуді күшейту жұмыстары тұр. Саланы техникалық жабдықтауды жақсарту, зертханалық, компьютерлік, көбейткіш және басқа да жабдықтарды сатып алу жөнінде шаралар қабылданды. Елде мұрағат ісін ақпараттандырудың кешенді бағдарламасын әзірлеу және жүзеге асыру қажет.

Сала үшін кадрлар мәселесі мемлекеттік тапсырыс бойынша Қазақстан Республикасы мен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының жетекші университеттерінде тарихшы-мұрағатшы бейіні мамандарын даярлау, еліміздің жоғарғы оқу орындарында мұрағаттану және іс жүргізу арнаулы факультеттерін ашу арқылы шешілмек.

Құжаттық ақпаратты электронды көздерге, электронды-сандық технологияларға көшіру жөніндегі жұмыстар ауқымы арта түседі деп болжануда. Алда электронды және



өзге де жаңа көздердегі құжаттар үшін арнаулы мұрағат қоймаларын құрастыру және салу тұр. Жоғарыда айтылғандар мұрағат ісі мен құжаттануда ғылыми-қолданбалы зерттеулердің озық дамуын, мұрағат қызметі құрылымында арнаулы ғылыми орталықтың құрылуын белгілейді.

Қ о р ы т ы н д ы

Тұжырымдаманы іс жүзіне асыру үшін мұрағат саласына мемлекеттік ұтымды қолдау қажет, ол елдің рухани және мәдени дамуына, "Қазақстан - 2030"

К972030\_

стратегиясының мақсаттарын орындауға оң әсерін тигізеді. Көзделген басымдықтар мен бағдарларды өмірде жүзеге асыру орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың, мүдделі ұйымдардың, ғылыми және мәдени жұртшылық кең ауқымының үйлестірілген күшін-жігерін талап етеді.

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.